

Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP19675827 «Әбу Насыр әл-Фараби іліміндегі тіл философиясы мен философия тілі»
Жоба өзектілігі	«Әбу Насыр әл-Фараби іліміндегі тіл философиясы мен философия тілі» жобасында әл-Фараби еңбектеріндегі тіл философиясы, соның ішінде пайымдаудағы логикалық-лингвистикалық сабақтастық мәселесі қарастырылып, «сыртқы сөздің» логикамен байланысы анықталады және әл-Фарабидің шығармаларындағы араб тіліндегі философиялық терминдері мен түсіндірмелеріне ойшылдың философия тілі негізінде талдау жасалынады. Әл-Фарабидің тіл философиясы – ойлау мен тіл арасындағы байланысты ғана емес, сонымен қатар тілдің коммуникативтік рөлін, дискурстағы сөздің және сөйлеудің әртүрлі формаларын, танымдағы сана мен санадағыны жеткізудің байланысын анықтайтын зерттеу саласы, ал философия тілі – араб тілі негізінде жасалған терминологиялық конструкт ретінде тұжырымдалады.
Жоба мақсаты	Жобаның мақсаты – Әбу Насыр әл-Фараби іліміндегі тіл философиясы мен философия тілі мәселелерін: тіл мен ойдың, сөйлеу мен ойлаудың арақатынасы, логика мен грамматиканың сабақтастығын және араб тіліндегі философиялық терминдер мен ұғымдық аппараттың қалыптасу ерекшеліктерін, олардың қазақ және орыс тілдеріне аудармаларының баламалы интерпретацияларын зерттеу.
Жоба міндеттері	Жобаның міндеттері: <ul style="list-style-type: none"> - тіл философиясының негізгі мәселелерінің даму тарихын талдау, олардың қоғамдық-гуманитарлық білімнің ғылыми парадигмасының дамуы үшін маңызын көрсету - әл-Фарабидің ғылыми мұрасы бойынша библиографиялық мәліметтерге сандық және сапалық анықтама беру - әл-Фарабидің тіл туралы ілімінің философиялық (онтологиялық, әдіснамалық, гносеологиялық, аксиологиялық) негіздерін анықтау - әл-Фараби мұрасындағы тіл философиясына, логикалық-лингвистикалық мәселелерге қатысты трактаттарының ерекшелігін зерттеу - «Ғылымдар туралы жіктемесіндегі» тіл мәселесін философиялық дискурс тұрғысынан талдау - тілдің философиялық мәселелерін логикамен байланыста тұжырымдау - Әбу Насырдың философия тілі шеңберінде енгізген терминдеріне түсіндірме беру және оның лингвистикалық зерттеулерінің өзекті мәселелері мен әдіснамалық принциптеріне философиялық негіздеме беру - әл-Фарабидің терминдер мен терминология туралы пікірлерін, ұғымдық-категориялық аппаратын зерттеу - әл-Фарабидің философиялық еңбектері негізінде араб-орыс-қазақ тіліндегі философиялық терминдер сөздігін түзу.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	Күтілетін нәтижелер: <ul style="list-style-type: none"> - библиографиялық мәліметтердің сандық және сапалық сипаттамасын зерттеу мақсатында әл-Фараби мұрасының

зерттелу кезеңдері анықталады және жүйеленеді, фарабитанудағы негізгі бағыттар шетелдік библиографиялық дереккөздер негізінде пайымдалады

- әл-Фарабидің еңбектерін зерттеудің тарихи кезеңдерін анықтау мақсатында кеңестік дәуірдегі әл-Фараби мұрасы мен фарабитанудың ерекшеліктері зерттеледі, әл-Фараби мұрасының зерттелуінің басым бағыттары анықталады, әл-Фараби еңбектерін аударудағы қиындықтар мен негізгі мәселелер, идеологиялық ұстанымдарға байланысты аударма ерекшеліктеріне талдау жасалынады

- қазіргі таңдағы, яғни тәуелсіздік жылдарындағы отандық фарабитану саласындағы зерттеулер, әл-Фараби мұрасын зерттеудің жаңа қырлары, мұсылмандық мәдениет контексіндегі қалыптасқан дүниетаным ерекшеліктері сарапталады, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясындағы жүзеге асырылған аударма еңбектерге салыстырмалы баға беріледі. Ойшылдың бұрын-соңды аударылмаған, ғылыми айналымға түспеген еңбектері зерттеліп, тұжырымдалады

- әл-Фараби іліміндегі тіл философиясы мәселесін талдау мақсатында, тіл философиясының негізгі аспектілеріне және оның пайда болу себептеріне түсіндірме жасалады. Тіл философиясының негізгі мәселелерінің даму тарихын талданып, олардың қоғамдық-гуманитарлық білімнің ғылыми парадигмасының дамуы үшін маңызы анықталады.

- Әбу Насыр әл-Фарабидің тіл туралы ілімінің философиялық (онтологиялық, әдіснамалық, гносеологиялық, аксиологиялық) негіздері анықталады, ойшылдың тіл философиясының теориялық-әдіснамалық негіздеріне сараптама жасалады

- тіл мен сананың байланысы, «ішкі ой» мен «сыртқы сөздің» байланысы, сөздердің шығу тарихы мен қарым-қатынастағы ерекшеліктері, грамматика мен логиканың өзара сабақтастығы, тілдің локалдығы мен ойлау мен логиканың универсалдығы арасындағы параллельдер әл-Фарабидің трактаттары негізінде зерттеледі. Қорытынды ұжымдық монография түрінде ұсынылады

- ғалымның «Ихса аль-улум» мен «Китаб әл-Хуруф» және т.б. тіл мен логикаға байланысты еңбектерінің негізінде тіл мен ойлаудағы логикалық-лингвистикалық сабақтастық зерттеледі. Логикалық және лингвистикалық терминдердің баламалылығы араб тілінің мысалында қарастырылады.

- зерттеу барысында, әл-Фарабидің философия тілі шеңберінде енгізген терминдеріне түсіндірме беріледі және оның лингвистикалық зерттеулерінің өзекті мәселелері мен әдіснамалық принциптеріне философиялық негіздеме беріліп, философиялық терминдерге ұғымдық талдау жасалады.

- ғылыми зерттеулерде терминдерді дұрыс қолдану мақсатында араб, орыс және қазақ тіліндегі философиялық терминдер сөздігі құрастырылады және оны ресімдеу ерекшелігі анықталады

- фарабитанулық зерттеулердің негізінде араб-қазақ-орыс тіліндегі философиялық терминдер сөздігі басып шығарылады

Қол жеткізілген нәтижелер:

	<p>- Библиографиялық мәліметтердің сандық және сапалық сипаттамасын зерттеу мақсатында әл-Фараби мұрасының зерттелу кезеңдері анықталды және жүйеленді, өзектілігі негізделіп, реконструкцияланды, фарабитанудағы негізгі бағыттар отандық және шетелдік библиографиялық дереккөздер негізінде пайымдалды;</p> <p>- Әл-Фарабидің еңбектерін зерттеудің тарихи кезеңдерін анықтау мақсатында кеңестік дәуірдегі әл-Фараби мұрасы мен фарабитанудың ерекшеліктері зерттелді, әл-Фараби мұрасының зерттелуінің басым бағыттары анықталды, әл-Фараби еңбектерін аударудағы қиындықтар мен негізгі мәселелер, идеологиялық ұстанымдарға байланысты аударма ерекшеліктеріне талдау жасалынды;</p> <p>- Қазіргі таңдағы, яғни тәуелсіздік жылдарындағы отандық фарабитану саласындағы зерттеулер, әл-Фараби мұрасын зерттеудің жаңа қырлары, мұсылмандық мәдениет контексіндегі қалыптасқан дүниетаным ерекшеліктері сарапталды, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясындағы жүзеге асырылған аударма еңбектерге салыстырмалы баға берілді. Ойшылдың бұрын-соңды аударылмаған, ғылыми айналымға түспеген еңбектері зерттеліп, тұжырымдалды. ҚР ҒЖБМ БССҚК ұсынған басылымда 2 мақала жарияланды</p>
<p>Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер</p>	<p>1 Курманалиева Айнур Дурбеленовна, филос.ғ.д., профессор. H-index – 2; Scopus ID 57191406408; https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191406408 Orcid https://orcid.org/0000-0001-5299-2695; Researcher ID N-4451-2014 ; https://publons.com/researcher/2471202/ainura-d-kurmanaliyeva/</p> <p>2 Таджикова Клара Хашимовна, филос.ғ.к., профессор</p> <p>3. Тулеубаева Самал Абаевна, ф.ғ.д., профессор. ORCID ID: 0000-0003-0002-8401</p> <p>4 Аликбаева Маржан Башановна, филос.ғ.к., аға оқытушы. H-index – 1 (Scopus); ORCID: https://orcid.org/0000-0002-7228-663X; Scopus Author ID: 57208210390; Researcher ID: O-2196-2014</p> <p>5 Балтымова Мира Рашидовна, ф.ғ.д., доцент H-index – 3 (Scopus); ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2758-8436 Scopus Author ID: 57191108642; Researcher ID Web of Science: DVX-1219-2022</p> <p>6 Мустафаева Анар Абдикадиевна, PhD, қауымдастырылған профессор. H-index – 2 (Scopus); ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6878-4946; Scopus Author ID: 56719791900</p> <p>7 Хаван Айдынгул, магистр, аға оқытушы</p> <p>8 Байжума Самет, магистр, аға оқытушы</p>
<p>Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)</p>	<p>1 Kurmanalieva A.D., Tadzhiikova K.Kh., Baizhuma S. On the formulation of the problem of the philosophy of language and the language of the philosophy of Abu Nasr al-Farabi // Әл-Фараби 4 (84) 2023. - P. 3-15 http://www.alfarabijournal.org/index.php/journal/article/view/927/210</p> <p>2 А. Хаван, Н.Ж. Байтенова, А.Д. Құрманалиева, С. Байжума. Әбу Насыр әл-Фараби мұрасын зерттеудегі Түркия қолжазба қорларының рөлі мен маңызы // Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. - №3 (85) 2023. - 25-32 бб.</p>

<https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/view/1573>

3 Тулеубаева С.А. Вопросы языковой компетенции в трудах Абу Насра аль-Фараби // «Әл-Фараби мұрасындағы ізгі адам, қайырымды қоғам және заманауи этика» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2023–78-92 бб.

<https://al-farabi.kaznu.kz/wp-content/uploads/2023/11/Sbornik-24.10.2023.pdf>

4 Baizhuma S. Spirituality in the works of Al-Farabi and Religion // «Әл-Фараби мұрасындағы ізгі адам, қайырымды қоғам және заманауи этика» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2023–65-68 бб.

<https://al-farabi.kaznu.kz/wp-content/uploads/2023/11/Sbornik-24.10.2023.pdf>

5 Өмірбекова Ә.Ө, Аликбаева М.Б., Бөрібай А.А. Даналық пен әділеттілік шамы: әл-Фараби іліміндегі этика мен ізгілік // «Әл-Фараби мұрасындағы ізгі адам, қайырымды қоғам және заманауи этика» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2023–157-164 бб.

<https://al-farabi.kaznu.kz/wp-content/uploads/2023/11/Sbornik-24.10.2023.pdf>

6 Өмірбекова Ә.Ө, Аликбаева М.Б. А.Х. Қасымжанов философиясындағы Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығы // «Әл-Фараби мұрасындағы ізгі адам, қайырымды қоғам және заманауи этика» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2023 – 445-455 бб.

<https://al-farabi.kaznu.kz/wp-content/uploads/2023/11/Sbornik-24.10.2023.pdf>

7 Балтымова М.Р., Еркебұланұлы Р. Тахауи ақида мәтініне Бабирти түсіндірмесі барысында қолданылған логикалық дәлелдер // «Әл-Фараби мұрасындағы ізгі адам, қайырымды қоғам және заманауи этика» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2023 – 217-225 бб.

<https://al-farabi.kaznu.kz/wp-content/uploads/2023/11/Sbornik-24.10.2023.pdf>

8 Құрманалиева А.Д., Таджикова К.Х. Әбу Насыр әл-Фарабидің тіл философиясы мен философия тілі мәселелері // «Әл-Фараби мұрасындағы ізгі адам, қайырымды қоғам және заманауи этика» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2023 – 30-36 бб.

<https://al-farabi.kaznu.kz/wp-content/uploads/2023/11/Sbornik-24.10.2023.pdf>

9 Құрманалиева А.Д., Садырбек Д. Қазақтың ұлттық бірегейлігінің ерекшеліктері // «Әл-Фараби мұрасындағы ізгі адам, қайырымды қоғам және заманауи этика» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2023 –534-539 бб. <https://al-farabi.kaznu.kz/wp-content/uploads/2023/11/Sbornik-24.10.2023.pdf>

	<p>10 Балтымова М.Р., Еркебұланұлы Р. Тахауи ақида мәтініне Бабирти түсіндірмесі барысында қолданылған логикалық дәлелде // «Әл-Фараби мұрасындағы ізгі адам, қайырымды қоғам және заманауи этика» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2023 –217-225 бб. https://al-farabi.kaznu.kz/wp-content/uploads/2023/11/Sbornik-24.10.2023.pdf</p>
Патент туралы ақпарат	-